

СОТРУДНИЧЕСТВО С КОМПАНИЕЙ «NETWORK ACCESS ASSOCIATES LTD.» (ONEWEB) ПОЗВОЛИТ АО «НК «ҚТЖ» ИЗУЧИТЬ ВОЗМОЖНОСТИ НИЗКООРБИТАЛЬНЫХ СПУТНИКОВЫХ ГРУППИРОВОК ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ВЫСОКОСКОРОСТНОГО СОЕДИНЕНИЯ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЦИФРОВИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ВКЛЮЧАЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ СТАНЦИИ, МОРСКИЕ ПОРТЫ, СУДА И ПОДВИЖНОЙ СОСТАВ.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,  
заместитель председателя правления по стратегии и цифровизации АО «НК «ҚТЖ»



№10 (2827)  
10/02/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ТМТМ: ПОТОКИ ГРУЗОВ ВОЗРОСЛИ

Объем перевозок грузов по Транскаспийскому маршруту вырос в 2,5 раза. Такую цифру озвучили на заседании Общего собрания Международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (ТМТМ), которое состоялось 8 февраля 2023 года в Алматы.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Алматы

Участники маршрута подвели итоги деятельности ассоциации за 2022 год. Отмечена положительная динамика перевозок по ТМТМ и его возросшая роль в современных геополитических реалиях.

В 2022 году объем грузоперевозок увеличился в 2,5 раза и достиг 1,5 миллиона тонн. При этом экспорт казахстанских грузов увеличился в 6,5 раза, в сравнении с 2021 годом, и составил 891 тысячу тонн.

Кроме того, было перевезено 33,6 тысячи ДФЭ в контейнерах – на 33% превышает показатель аналогичного периода прошлого года. В ходе заседания были обсуждены



вопросы повышения эффективности работы по привлечению грузов на ТМТМ и развитию контейнерных перевозок.

Достигнуты договоренности по вопросам увеличения объемов перевозок грузов по маршруту на 2023 год, курсирования регулярного шаттл-поезда по твердому расписанию и создания единого транзитного продукта. По итогам встречи подписаны соответствующие протоколы.

Напомним, основными целями деятельности ассоциации являются привлечение транзитных и внешне-торговых грузов на маршрут ТМТМ; обеспечение его конкурентоспособности по сравнению с альтернативными маршрутами; развитие интегрированных логистических

продуктов по ТМТМ; проведение эффективной тарифной политики и другое.

На сегодня ТМТМ (международное название коридора – Средний коридор), связывающий Китай и страны Центральной Азии с Европой через Каспий, страны Южного Кавказа и Турцию, продолжает привлекать внимание все большего количества стран.

Реагируя на глобальные тренды, в сложившейся геополитической обстановке ТМТМ использует сейчас дополнительные импульсы развития. Большой поток грузов переориентирован на Транскаспийский международный транспортный маршрут через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию и далее в Турцию и страны Европы.

ТМТМ стал одной из ключевых точек роста. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев назвал этот маршрут «основным связующим звеном», которое будет способствовать более полной реализации транзитных и экспортных возможностей страны.

Раскрытие потенциала Транскаспийского международного транспортного маршрута, или Middle Corridor, для АО «НК «ҚТЖ» и страны в целом стало главным транспортным вектором 2022 года. За прошедший год была проделана большая работа, в свете меняющейся геополитической ситуации нагрузка на него значительно возросла. С каждым годом увеличивается уровень взаимопонимания, сложившийся среди участников проекта.

Фото автора

### ТАЛЬГОҒА ТЕКСЕРУ ЖҰРЕДІ



Ақпан айының 6-20 аралығында «Тальго» жолаушылар пойыздарына профилактикалық мақсатта бақылау тексеру жұмыстары басталды.

Наурыз айынан жолаушылар пойыздарына тексеру жұмыстарын жүргізу жылжымалы құрам жасақталатын пункттерден басталады. Кейінгі 3 жылда жолаушылар тасымалдайтын Patentes Talgo S.L. жүрдек пойыздарында техникалық вагондардың өртенуіне қатысты жағдайлар тіркелді. Келеңсіз оқиғалардың орын алуына жылжымалы құрам иелерінің өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтамауы себеп болған. 2022 жылы ҚР ИИДМ Көлік комитетінің аумақтық бөлімшелері өрт қауіпсіздігінің талаптарына байланысты 100-ден артық бұзушылықты анықтап, 2 млн теңгеден аса қаражатқа әкімшілік айыппұл салған. Биыл наурыздан бастап жолаушылар пойыздарына тексеру жұмыстарын жүргізу жылжымалы құрам жасақталатын пункттерде жүзеге асырылып, бұл ақауы бар вагондардың рейске шығуын алдын алады.

Ғлан ОРАЗ, Астана



### Әлеуметтік жүк

#### АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫНДА ӨСІМ БАР

Астанада астық пен ұнтақталған өнімдерді тасымалдау мәселелеріне қатысты онлайн кеңес өтіп, оған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы Бауыржан Орынбасаров жетекшілік етті. Кеңеске «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басқарма бастығының орынбасары Нұржан Келбұғанов пен Қазақстан Астық өңдеушілер одағының өкілдері, диірменшілер, жүк жөнелтушілер және трейдерлер қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Жүк тасымалын ұйымдастырушы ұйым атынан сөз алған Нұржан Келбұғанов 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 10 млн тонна астық тасымалданып, соның ішінде 8 млн тонна экспортқа шығарылғанын атап өтті. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 18% жоғары болып отыр екен. Осы ретте қазақстандық астықтың негізгі нарығы болып әдеттегідей Орталық Азия елдері қалып отыр. Яғни, бұл бағытта экспорт 11% өсіп, 5,6 млн тоннаны құраған. Сонымен қатар Қытайға жеткізілім көлемі де анағұрлым өсіп, 134% немесе 600 мың тоннаны құраған. Мұны «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өкілі контейнер тасымалының дамуымен байланыстырып отыр.

Оның айтуынша, оң динамика ұнтақталған өнімдерді тасымалдауда да байқалуда. Ұнды тасымалдаудың жалпы көлемі 2022 жылы 3,1 млн тоннаны құраса, соның 2,3 млн тоннасы сыртқа жөнелтілген. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 53%-ке артық. Ұнның да басым бөлігі, яғни 2 млн

тоннасы Орталық Азияға және 300 мың тоннасы Қытайға жөнелтілген.

Кеңесте тасымал өсімі биыл да жалғасуда екені айтылды. Қантардағы жұмыс қорытындысына келсек, елімізден 138 мың тонна ұн экспортталған. Ал бытыр осы уақытта 118 мың тонна ұн сыртқа шығарылды.

«Сонымен қатар жүктің басқа да түрлеріне қатысты тасымал едәуір өсті. Әсіресе кен, көмір жүктеріне, сондай-ақ оларды жеткізу ұзақтығы да ұлғайды. Бұл теміржол инфрақұрылымына жүк-теменің күрт өсуіне әкелді», – дейді Нұржан Келбұғанов.

Кеңесте локомотивтердің жетіспеушілігі, вагондардың ұзақ уақыт кідіріп қалуы сынды мәселелер сөз болды. Осы ретте ҚТЖ топ-менеджерлері локомотив паркін жаңарту және кеңейту бағытындағы мәселелер жоспарлы түрде шешіліп жатқанын мәлімдеді. Мәселен, алдағы бес жыл ішінде 306 локомотив сатып алу көзделсе, соның жүзден астамы биыл сатып алу жоспарланған. Ал вагондар кідірісі әртүрлі жағдайларға байланысты орын алып жатқаны айтылды. Бірі

көрші елдерге бағытталған құрамдардың шекаралық өткелде тұрып қалуы, сол елдің теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетінің төмендігінен болса, екіншісі жүк жөнелтушілер тарапынан өзге елдің вагондарын көптеп тартуынан, еліміздің станциялық теміржолдарында «көптеліс» сынды ахуалдың орын алып отырған жайы бар.

Кеңесте сондай-ақ тасымалды жоспарлаумен қатысты проблеманың бары да сөз болды. Осы ретте ҚТЖ өкілдері жүк жөнелтушілерге өздері тиіп жөнелтетін жүктің жоспарын нақтырақ жасап берсе деген өтініш-тілектерін жеткізді. Бұл өз кезегінде теміржолшыларға да, жүк жөнелтушілерге де жұмысты нақты жоспарлауға, ұйымдастыруға сеп болары анық.

Кеңес соңында теміржолшылар жүк жөнелтушілермен тиелім көлемі мен жеткізу жоспарын айқындап алды. «Келісіп пішкен тонның келтесі болмас» дегендей, мұндай жиындарды жиі өткізіп, екі жақ тарапынан туындап отырған мәселелерді бірлесіп талқылап, ортақ мәміле-шешімге келудің маңызы зор боларына сенім білдірді кеңеске қатысушылар.

### ПОДГОТОВКА ПУТЕВЫМ РАБОТАМ

В Карагандинском отделении магистральной сети согласован и утвержден план по летним путевым работам на 2023 год.

Светлана МОГАЙ,  
Караганда

По словам руководителя НЖС-4 Нурлана Мусабаева, запланировано проведение ремонтных работ по сплошной смене рельсовой опоры в объеме 22 километров, усиленный средний ремонт – 10, промежуточный с заменой креп-

ления искры резинотехнических изделий с глубиной чисткой – 54. Запланированный объем работы будет проводиться с применением машин тяжелого типа с разбивкой и разработкой дорожной карты.

– С апреля месяца начинаются летние путевые работы, направленные на увеличение пропускной способности и развитие станции

Кызылжар. Сотрудниками Балхашской дистанции сигнализации и связи осуществляются работы по переносу сигнальных точек на противоположную сторону для подрядных организаций, чтобы они смогли приступить к земляным работам. На данный момент ведутся работы на станциях Сарыкум и Саяк, где

планируется строительство баз с целью зашивки рельсоопальной решетки, – говорит Нурлан Мусабаев.

В настоящее время осуществляется отгрузка рельсов и материалов для передачи их подрядным организациям. В этом году запланирована разработка проекта по развитию дополнительных путей на участке Кызылжар – Жезказган. Как известно, строительство дополнительных путей положительно повлияет на пропускную способность, к тому же запланированы определенные действия при переводе дистанции

сигнализации и связи на участке Анар – Мойынты.

– В прошлом году было запланировано улучшение состояния пути на 10%, однако оно составило 8,9%. Также были выполнены капитальный ремонт 48 километров пути, работы по сплошной смене рельсовой опоры в объеме 14 километров. На станциях Туемойнак и Теректы были уложены дополнительные пути с удлинением и стрелочные переводы – 27 километров. Работы в этом направлении продолжают осуществляться и дальше, – заключил Нурлан Мусабаев.



Нұрсұлтан ТАНАБАЕВ,  
Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі жөндеу жөніндегі орынбасары.

ЖЫЛ САЙЫН ЖАЗҒЫ ЖОЛ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ ТЕЛІМДЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТТЫЛЫҒЫНА, УАСКЕЛЕРДІҢ БАСЫМДЫҚКА ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МҮМКІНДІГІНЕ ҚАРАЙ АНЫҚТАЛАДЫ

### САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ  
**1218 км**

ЖОЛҒА ТҮРЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛМЕК.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ

**130**

ЛОКОМОТИВ САТЫП АЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

«ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ЖШС 20 ЖЫЛ ІШІНДЕ

**3600 км**

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗГЕН.

## ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау



Батыс өңірдің теміржолшылары үшін жазда жолды құмнан, қыста қардан тазалау – үйреншікті жұмыс. Десе де, жүздеген шақырымдарға созылған темір жолда биыл толассыз жауған қарды уақытты тазалап отыру оңайға соғып жатқан жоқ.



Негізгі күш Атырау жол дистанциясына түсіп отыр. Әрине қар тазалайтын СМ-2, СЗПМ техникалары бар, десе де, машиналарды магистраль бойында қар аса қалың жерлерде пайдаланғаны болмаса, станция-бекеттердегі қарды қолмен тазалаған өнімді деседі жолшылар.

– Дина Нұрпейісова станциясынан бастап Сағызға дейінгі ұзындығы 555 км жолды өз күшімізбен тазалап жатырмыз. Күніне осы жұмысқа 100-108 адамнан бөліп отырмыз. Ең алдымен Мақат, Атырау, Ақжайық, Махамбет, Ақдыстау сынды үлкен станцияларды, сосын шағын бекеттерді қардан тазарту жұмыстарын жүргізудеміз, – дейді Атырау жол дистанциясының бастығы Жәнібек Жөнтұрбаев.

Сенбі, жексенбі күндері толассыз жауған қар сейсенбі күні қайта жалғасып, айлық мөлшері шамадан асып кетті. Оған қоса жел екпіні де күшейіп борандатып жатыр. Жалғыз жолшылар емес, Атырау жүк тасымалы бөлімшесі басшысының «2022-2023 жылға қысқы мерзімге арналған қармен күрес жұмыстарын жүргізу» жедел жоспарына сәйкес аймақтағы барлық теміржол кәсіпорындары қар тазалау науқанына жұмылған. «Ауысымнан шыққан адамдарды қар тазалау жұмыстарына тартып жатырмыз. Күндіз 19 адам бөлінесе, түнгі уақытта 15 адам бөлідік. Қазір станция басында қар тазалау жұмысы тәулік бойы жүріп жатыр» дейді Ақжайық станциясының бастығы Бағытжан Абдрахманов.

Суретті түсірген автор

## ЖОЛАУШЫҒА ҚЫЗМЕТ

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе



Ақтөбе теміржол вокзалы арқылы 13 жұп жолаушы пойызының тасымал қызметі ұйымдастырылады. Екі бірдей халықаралық пойызды қабылдап отырған кластан тыс станцияда қауіпсіздікті арнайы тексеру қызметі бақылайды.



Вокзалда жолаушыларға сервистік қызмет көрсету деңгейі талапқа сай деп айта аламыз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған билет кассалары, электронды кезек жүйесі жұмыс істеп тұр. Тоғыз кассаның үшеуінің жұмысын «Жолаушылар тасымалы» АҚ ұйымдастырып отыр. Қалған кассалар жеке кәсіп иелеріне тиесілі. Кассалар қызметі қатаң бақылануда, алыпсатарлар жоқ. Төлем терминалдары, пойыздардың жол жүру кестесі, ақпараттық-анықтама тақтасы бар. Асхана, дәмхана, дәріхана, полиция бөлмесі, жүк сақтау қоймасы, күту залы, мүгедектерге арналған демалыс бөлмесі, сауда дүңгіршектері мен тегін әжетхана жұмыс істеп тұр.

Лаңкестікпен күресті қамтамасыз ету мақсатында вокзал кіреберістеріне өткізу турниктерді қойылған. Оны арнайы тексеру қызметі бақылап отыр. Бейнебақылауда тәулік бойы оператор отырады. Оқыс әрекет, күдікті адамдардың жүріс-тұрысы қатаң тексеріледі. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бақылайтын желілік тәртіп сақшыларынан бөлек әскерлендірілген күзет қызметі бар.

Вокзалдың хабарландыру радиосы жақсы жұмыс істейтінін аңғардық. Онда кез келген дүниеге жарнама жасалып, насихатталмайды. Құзырлы мекемелерден келген арнайы хабарландырулар мен мемлекет шешімдері туралы мәліметтер таратылады екен. Қазіргі уақытта, мысалы, қауіпсіздіктің сақталуын ескертуден басқа көліктерді тіркеуге қатысты ақпарат жүріп жатқанын байқадық.

– Ақтөбе теміржол вокзалы тәулігіне 3-4 мың жолаушыға қызмет көрсетеді. 13 жұп пойыз өтеді, екеуі – халықаралық жолаушылар тасымалы қызметіндегі қырғыз және өзбек елінің пойыздары. Сондықтан вокзал шаруашылығы жоғары стандарт негізінде жұмыс істейді. 60-қа жуық адам еңбек етеді. Вокзал алдында қала тұрғындары мен жолаушылардың демалуына арналған аллея бар. Қазіргі кезде вокзал алаңы мен перронды қар мен мұздан тазалау апта сайын ұйымдастырылуда, – деді вокзал бастығы Арсен Кенжан.

Суретті түсірген автор

## ІШКІ ТРЕНЕРЛЕР ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ?

«КТЖ» ҰК» АҚ өз қызметкерлерінің жеке көшбасшылық және іскерлік қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Компанияда қызметкерлерді жан-жақты дамыту жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Ал теміржолшылардың қарым-қабілеттерін арттыру бағытында ішкі тренерлікке оқыту жұмыстары қалай жүзеге асырылады?

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Бұл туралы Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы филиалының персоналды дамыту жөніндегі басқармасының бас менеджері Аяғөз Темірова айтып берді. Оның айтуынша, 2019 жылдан бастап Ішкі тренерлер жобасын жүзеге асыру жаңадан түсті. Сол жылы 19 теміржолшы ішкі тренер ретінде дайындалды.

– Бастапқыда 50 шақты адам өтінім берді. Оқыту күрделі, сертификат алғанға дейін бір жобаны қорғап, үлкен бір бағдарлама жазып шығуы керек. Соның нәтижесіне қарай оқытушылар кімге тренердің немесе қосалқы тренердің сертификатын беру керектігін шешеді. 2020 жылы шамамен 70 адамдай ішкі тренер болып оқуға өтінім берді, соның ішінде 30 шақты адам тренер және қосалқы тренерлік сертификатын алды. 2021 жылы «КТЖ-100 жас есім» жобасы шеңберінде ішкі тренерлер дайындау жұмыстарын да жүргіздік. Сол жылы олар ішкі тренерлік бағдарламасынан өтті. Олардың ішінде тек 10-15 адам ғана курстар толық өтіп, тренерлік сертификат алу үшін барлық талаптарды орындады, емтихан тапсырып шықты. Қалғандары жұмыс бабына байланысты әртүрлі себептермен курсқа толық қатыса алмады немесе басқа салаға ауысып кетеді, – дейді бас менеджер.

Жалпы ішкі тренер дегеніміз – осы саланың барлық талаптарына сай білім алған және сертификатқа ие болған маман. Ал қосалқы тренер – ішкі тренердің деңгейіне сәл ғана жетпейтін, әлі де тәжірибе жинақтау қажет қызметкерлер. Қазір компанияда 42 ішкі тренер, 10 қосалқы тренер бар. Олар өз қалауымен дамуды көздеген теміржолшылар үшін тренингтер өткізеді. Әр тренингті бір тренер қасына қосалқы тренерді ертіп жүріп бірге ұйымдастырады. Осылайша



қосалқы тренер де тәжірибе жинақтап, біліктілік арттыра отырып, уақыт өте келе толыққанды тренерлер қатарына қосылады. – Тренерлер компанияға не үшін қажет? Компанияның қызметкерлерін жан-жақты дамыту және оқытуда ақша жұмсап, сырттан түрлі орталықтардан қайта-қайта мамандар шақырта беру үнемі мүмкін емес. Сондықтан бір рет қана қаржы жұмсап, өз ішімізден тренерлер дайындау, солардың білім-білігін компанияның қызметкерлерін оқытуға пайдалану анағұрлым тиімді деп шешілді. Қазір бізде корпоративтік оқыту саласында біраз курстар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтсақ, 2019 жылдан бастап «Топжарған», «HR Академия», «Шеберлер қазынасы» сынды жобаларды арнайы дайындадық. Соғарды жүзеге асыруда сырттан шақырылған халықаралық және республикалық мамандармен қатар өзіміздің ішкі тренерлердің де күшін пайдаландық. Мәселен, бытыр өндірістік оқыту бойынша «Шеберлер академиясы» жобасы шеңберінде 200 адамды оқыттық. Соның ішінен ең үздік 20 өндірістік оқыту шеберін таңдап алып, ішкі тренерлер дайындау жоспарымызда бар. 2022 жылдың қорытындысында жеке іскерлік қабілеттері бойынша 5600-ден астам адамды оқыттық. Бұл дегеніміз – артық шығынсыз ішкі тренерлер күшімен қызметкерлерді оқыту арқылы компанияға пайда келтірдік

деген сөз, – дейді А.Темірова.

Жоспар бойынша әр қатысушыға бір жылда 4 тренинг өткізу ұсынылады. Кем дегенде 1,5 сағатта 15 адам қатысатын тренингті төрт рет өткізсе, ынталандыру ретінде тренерге еңбекақысы сақталатындай етіп қосымша үш күн демалыс беріледі. Өткен жыл қорытындысы бойынша көп тренинг өткізіп, жоспарды орындаған тренерлер ішінде 16 адам сондай мүмкіндікке ие болды.

– Осы саланы дамытудың арқасында қызметкерлердің арасында күйзеліске төзімділік, тиімді коммуникация, клиентке бағдарлану бойынша біраз өзгерістер болды. Бұл қасиеттер жұмыста еңбек өнімділігін арттырады. Коммуникация – әсіресе ұжым басқаратын қызметкерлер үшін өте керек нәрсе. Әріптестердің тілін таба білу, олардың қажеттіліктеріне дер кезінде құлақ түру, тыңдай білу – осы тренингтер кезінде үйретіледі, – дейді ішкі тренер.

Жалпы КТЖ-да ішкі тренер болуға кез келген адам ұсыныс бере алады. Олар жыл бойы 2-3 ай тұтас модульдік бағдарламаны оқиды, оның ішінде онлайн және офлайн түрде шешендік өнер, модуль аралық жұмыстар, сценарий жазу, оқыту методикасын үйрену, тренинг бағдарламасын құрастыру, отырстыр ұйымдастыру сынды машықтар үйретіледі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЖАҢАТАС ТЕЛІМІН ЖАҢҒЫРТУ ҚАЖЕТ



Жамбыл бөлімшесіне қарасты Жамбыл-Қаратау-Жаңатас телімі кен орындарын игеру мақсатында 1954 жылы іске қосылған. Жетпіс жылға жуық уақыт бұрын пайдалануға берілген жолдың ұзындығы 175 км құрайды. Соңғы ширек ғасырда не ағымдағы, не күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.

Ерман ӘБДИЕВ,  
Тараз

Бүгінде еліміздегі ірі химия кәсіпорындары – «Қазфосфат» және «ЕвроХим» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері осы телімде жүк тасымалының 60 пайызын қамтамасыз етуде. «Қазфосфат» ЖШС жырмадан астам өнім шығарып, оны ТМД елдеріне, қала берді Еуропа мемлекеттеріне, Қытай, Үндістан, Латын Америкасы мен Құрама Штаттарына экспорттап, ішкі нарықты да қамтамасыз етіп отыр. Өткен жылы «Қазфосфат» ЖШС «Минералды тыңайтқыш» зауыты өндірістің екінші кезеңін іске қосқанын ескерсек, онда жүк айналымының еселенетіні тағы анық.

Жүк тасымалының негізгі

бөлігін қамтамасыз етіп отырған алпауыт компания өкілдері жолдың тозығы жеткенін айтады. Өйткені мұнда жылдамдықты 40 шақырымнан асыру мүмкін емес көрінеді. Яғни жылдамдық төмендеген сайын компания шығын көруде. Бүкіл құрамды жетелейтін тепловоздарға жанар-жағармай көп кететіні тағы белгілі. Ал Қазфосфат өткен жылы 830 мың тонна жүк артса, ол көлем жыл сайын еселеп артып келеді екен. Фосфор шикізатына деген сұраныс та жыл сайын артып отыр. Күкірт қышқылы мен аммиакқа деген сұраныс та өсуде. Бұдан бөлек Сарысу ауданында «ЕвроХим» компаниясы жаңа минералды тыңайтқыш зауыты құрылысын жүргізуде. Бұл да жүк көлемін арттырады. Қазір мамандар


алдағы жылдары бұл телімнен ай сайын кемі 25-40 жүк пойызы жүретінін болжап отыр. Сондықтан бүгінгі күні телімді жөндеу жұмыстары кезек күлтірмейді деседі мамандар. Сонымен қатар бүгінде осы жолмен Жамбыл-Қаратау арасында қала маңы тасымалы қатынап отырғанын да ескерген жөн.

Осы телім бойына қарау, қадағалау жұмыстарын жүргізіп отырған Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Жамбыл жол дистанциясының директоры Жүнісбек Табулдиевке жолығып, мәселені біліп едік.

– Аталған телім бойында жөндеу жұмыстары сатылай жүзеге асып отыр. Бүгінгі күні Жамбыл-Қаратау арасындағы жылдамдық сағатына 60 шақырымға көтерілді, себебі өткен жылы

күшейтілген орташа жөндеу жұмысы жүргізілген. Қаратау-Жаңатас аралығында, атап айтқанда Шабақты-Табақбұлақ арасындағы 124-144 км аралығындағы 20 шақырымда да сауықтыру жұмыстары жоспарланған. Жамбыл мен Жаңатас аралығындағы Бұрыл, Шайқорық, Аса, Жұма, Тамды, Қаратау, Ақтаутас, Табақбұлақ, Шабақты, Бұғуы станциялары аралығындағы жолдар да кезек-кезеңмен сатылай жөндеуден өтеді. Әрине жоғарыдағы ірі компаниялардың жүк айналымын көтеруі – ұлттық компания үшін кіріс көзі. Сондықтан телімде жылдамдықты көтеру үшін ұлттық компания тарапынан алдағы жылдары стратегиялық жұмыс жоспары бекітіледі деп күтілуде, – дейді Жүнісбек Табулдиев.

## ТАПСЫРЫС ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛЫП ОТЫР



Қыс маусымында тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету теміржол тасымалымен жүзеге асатындықтан аймақ теміржолшылары жүк вагондарына тапсырыс берушілердің сұранысын бірінші кезекте қанағаттандыруға тырысады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Облыс әкімдігінің көмірге деген сұранысы қаңтар айында 208 пайызға орындалды. 13 900 тоннаға берілген тапсырыс 28 980 тоннаға жеткізілген. Қызылорда бөлімшесі бастығының логистика жөніндегі орынбасары Мейрамбек Шолтабаев бүгінде көмір базаларында көмір қоры жеткілікті екенін және тапсырыстардың уақытты орындалып жатқанын білдірді.

Жалпы биылғы қыс маусымында көмір тапшылығын болдырмау мақсатында атқарылған жұмыстар тиянақты жүргізілген. Өткен жылдың қыркүйегінен бастап көмір тасымалына күш салынып, қыркүйек пен қаңтар айына дейінгі жұмыстардың орындалу көрсеткіші 102,8-208,5 пайыз



аралығында орындалған.

Тек көмір тасымалы емес, жергілікті жүк жөнелтуде де теміржолшылар табыссыз емес. Мысалы, желтоқсанда 536 вагон тұздың 227 вагоны республика көлемінде, 309 вагоны ТМД елдеріне жөнелтілген. 766 вагон құмның 185 вагоны ел ішіне, 581 вагоны ТМД-ға жөнелтілген. Ал қаңтар айында 552 вагон тұз, 95 вагон күріш,

319 вагон цемент, 981 вагон құм мен 53 вагон шыны республика ішіне және ТМД елдеріне тиеліп жөнелтілген. Сонымен қатар аймақтағы Шиелі, Жаңақорған станцияларынан тиелетін қиыршық тас, Арал теңізі станциясынан артылатын тұз бен қиыршық құм, Қызылорда шыны зауытынан шығарылатын әйнек-шынылар, Сырдың ақ маржаны – бәрі-бәрі аймақ теміржолшының қызметін пайдаланып, логистикалық тасымал қызметін арттыруда.

Тапсырыстардың дер кезінде кәсіби деңгейде ұйымдастырылуына логистика бөлімі мамандарының қосып отырған үлесі мол. Бөлім басшысы Қанат Абылбеков, Тасымалды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Нұрлан Жайсаңбаев, жетекші инженерлер Алтынғүл Шигенова мен Нұрғұл Жанекеева – логистика саласында ұйымдастырушылық шеберліктері қалыптасқан мамандар.

Суретті түсірген автор

## НУЖДАЕТСЯ В РЕМОНТЕ



АКТУАЛЬНО

**В этом году павлодарский железнодорожный вокзал ждет долгожданная реконструкция. Глава региона Асаин Байханов провел выездное совещание, в ходе которого дал поручение проработать проектные решения предстоящих ремонтных работ, определить разделение функциональных зон и начать разработку проектно-сметной документации.**



**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

С введением новых стандартов здание не соответствует современным требова-

ниям и нормам, предъявляемым к объектам повышенного скопления людей, сообщает пресс-служба акима области. Сейчас железнодорожный вокзал нужда-

ется в ремонте фасада, залов ожидания, кассового зала, освещения, перрона. До этого в здании планируется установка лифта и теплой остановки.

– Последний капитальный ремонт был здесь 18 лет назад. За эти годы и фасад, и залы здания приняли унылый вид. Вокзалу не достает освещения и элементарных удобств – тот, кому довелось подниматься с багажом по лестнице из тоннеля в второй путь, понимает, о чем речь. При планировании будущей реконструкции нужно учесть все нюансы. Например, я поручил предусмотреть установку лифтов для удобства маломобильных граждан и пожилых людей, – сообщил Асаин Байханов.

План работ специалисты управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог должны подготовить до конца февраля.

К слову, вокзал посещают и пользуются его услугами более 1,5 тысячи человек. В 2022 году общий поток пассажиров составил более 570 тысяч.

*Фото автора*

## ДВИЖЕНИЕ БЕЗ ПРЕГРАД



СНЕГОБОРЬБА

**Для обеспечения бесперебойного движения поездов уборка снега в Акмолинском регионе проводится в круглосуточном режиме.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

Более 188 тысяч кубометров снега вывезено с железнодорожной инфраструктуры в регионе.

В среднем в сутки на станциях и перегонах работают 36 единиц специальной техники – это снегоборочные машины и снегоочистители.

Кроме того, в постоянном режиме проводится очистка железнодорожных переездов, перронов вокзалов и посадочных платформ от снега и наледи. Своевременно проводится обработка объектов инфраструктуры противогололедными материалами.

На протяжении первых двух месяцев зимы железнодорожники устранили последствия снежной стихии, очистили пути и стрелочные переводы на станциях Нур-Султан, Кокшетау, Макинка, Шортанды, Жана-Есиль, Атбасар, Анар,



Жалтыр, Тайнча, Курорт-Боровое, Тальщик, Сороковая.

В регионе организовано круглосуточное дежурство оперативных бригад. На очистку путей от снежных заносов привлекалось около двух тысяч работников всех железнодорожных предприятий. Каждый работник обеспечен утепленной

одеждой и спецобувью.

Благодаря оперативной работе специализированной техники и железнодорожников регион успешно устранил последствия снежных циклонов. Это обеспечило необходимую пропускную способность и безопасность движения поездов.

*Фото автора*

## ВО ВСЕОРУЖИИ



ПАВОДОК

**В Алматинском отделении магистральной сети в период весеннего паводка для укрепления земляного полотна сформировано пять противоразмывных поездов на станциях Алматы, Актогай, Уштобе, Достык и Алтынколь.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Поезда оснащены бутовым камнем, щебнем, шпалами, габионами, железобетонными блоками – на случай чрезвычайных ситуаций. Созданы необходимые запасы: пиломатериалы, мешки, веревки, брезентовые костюмы, кирки, носилки и лопаты. Вся техника – автомотрисы, автотранспорт – на ходу. И если в северных регионах еще идет борьба со снежными заносами, то на юге угроза подтопления становится очевидной. Поэтому путейцы заблаговременно готовились к пропуску талых вод, вскрывали и очищали от снега кюветы, нагорные и водоотводные каналы, а также – отверстия малых мостов и труб, откосы.

– Всегда первые водные удары на себя принимают путейцы. Обширные таяние снежных масс представляет серьезную опасность для движения поездов. В случае если водопротуски сооружения не будут



подготовлены в срок, большие объемы талой воды, скапливаясь у железной дороги, способны как минимум деформировать рельсовую колею, максимум – полностью размывать участок пути, поэтому мы должны быть готовы во всеоружии, – говорит заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев.

Также особое внимание уделяется пропуску паводковых вод через искусственные сооружения, ибо здесь может возникнуть опасность повреждения опор моста движущимся льдом, образования затворов и размыва русла реки.

На отделении имеется 18 плотин и водохранилищ, находящихся выше железнодорожного

полотна. Совместно с руководителями дистанций пути проверены шлюзы гидроузлов и объемы наполнения, оформлены акты проверок с указанием состояния водохранилищ, водопропускной способности и технического состояния. Фактический объем наполнения не превышает расчетного.

Вдоль железнодорожной магистрали Алматинского отделения имеются 74 потенциально опасных места, которые находятся под неусыпным контролем. Разработаны и утверждены необходимые организационно-технические мероприятия по обеспечению безопасного пропуска вод. Установлено круглосуточное дежурство работниками мостовой бригады за наблюдением колебания уровня воды в реке Хоргос.

Ежедневно производится осмотр и промер русел рек, на больших мостах Турген, Курчилик, Шарын, Или. В ожидании талых вод принимаются все необходимые меры по укреплению русла реки Хоргос, недопущению разлива вод, сохранности инженерных сооружений, предупреждению деформации земляного полотна. Ведется мониторинг паводковой ситуации, периодически осуществляется обход дорожными мастерами, начальниками участков. Организованы круглосуточные дежурства опытных ремонтников ИССО на потенциально опасных местах.

*Фото автора*

## ТЯЖЕЛО В ТЕОРИИ – ЛЕГКО НА ПРАКТИКЕ

**Яна ЛЕНИНА,**  
Илецк-1



ОБУЧЕНИЕ

**На станции Илецк-1 прошли совместные технические занятия бригад машинистов, обслуживающих снегоборочную и снегоочистительную технику. Обучение проходило согласно Правилам организации работ по снегоборбе на магистральной железнодорожной сети РК.**



Совместные технические занятия для машинистов специального самоходного подвижного состава Илецкой дистанции пути (ПЧ-3), а также работников пожарного (ПП) и восстановительного поездов (ВП) проходили на учебной базе пункта технического обслуживания вагонов (ПТО Илецк).

Теоретические занятия с детальным разбором нестандартных ситуаций при снегоборбе и алгоритмом действий по их исправлению провел главный инженер филиала Илецкого железнодорожного участка Бахтияр Гасумов. А мастер производственного обучения ПТО Самат Тажбалеев разъяснил, по каким признакам выявлять неисправности узлов и деталей подвижного состава, в частности, автосцепного устройства, ходовых частей, тормозного оборудования, и на что обращать особое внимание в зимний период.

Изучение теоретического материала сопровождалось показом видеороликов, а практические занятия прошли на учебном полигоне. Усвоение работниками полученных знаний было проверено устным опросом.

*Фото автора*

## ГЛАВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

**В Костанайском отделении грузоперевозок подвели ежемесячные итоги выполнения эксплуатационных показателей работы.**

Все поставленные перед работниками задачи выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года. Речь в данном случае идет о показателях использования вагонного парка и парка локомотивов.

По словам заместителя директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» по экономическим вопросам Ильяс Исмаилов, заметнее всего улучшены следующие основные фондообразующие показатели. Грузооборот выполнен к плану на 104,5%, выгрузка вагонов – на 147,5. Процент порожнего пробега вагонов – на 108,4%, в сравнении с показателями прошлого года улучшен на 109,8%. И, наконец, статическая нагрузка выполнена на 100,9%.

– Мы работаем над нашими эксплуатационными показателями и намерены в дальнейшем только улучшать их. В этом направлении и трудятся все наши специалисты, – говорит Ильяс Исмаилов.

## НОВОМУ МОСТУ БЫТЬ!

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Аким города Караганды Мейрам Кожухов озвучил долгожданную новость. В этом году намечено строительство пешеходного путепровода через железную дорогу в районе Большой Михайловки на станции Караганозек.**

Местные жители ждут этого события очень давно. Сегодня они вынуждены переходить железную дорогу с риском для жизни, пробираясь под вагонами многочисленных составов.

По словам начальника станции Караганозек Талгата Иксанова, они неоднократно направляли письма в акимат, в которых говорилось об обеспечении безопасности пешеходов на путях. Эта задача является приоритетной.

В настоящее время на проект выделено около 680 тысяч тенге, кроме того, проектировщиками подготовлена проектно-сметная документация. На сегодняшний день ситуация остается тревожной. Для того чтобы попасть на социально значимые объекты – больницу, аптеку и в продуктовый магазин, жители вынуждены пересекать железнодорожные пути по несколько раз в день.

– Необходимо этот вопрос решить как можно быстрее, чтобы свести травмоопасные и трагические ситуации к нулю, – подчеркнул Талгат Иксанов.

«Кімдер келіп-кетпеген құтты-хана» демекші, күні-түні адам аяғы үзілмейтін вокзалдар қызметі аса маңызды да қауырт. Сол жерде вокзалдың қауіпсіздігіне, ішкі-сыртқы тазалығына және келген-кеткендердің өтініші мен шағым-ұсынысына құлақ түретін бір мамандық бар. Ол – вокзал бастығының кезекші көмекшісі.



## ЕҢ ЖАУАПТЫ МАМАН

Солардың бірі – Астана вокзалы бастығының кезекші көмекшісі Әйгерім Әбдиеваның айтуынша, көпшілікпен жұмыс істеген соң елдің бәрін бірдей тілін табу оңай емес. Бірі билетін қайтарамын десе, екіншісі келген пойызда затын ұмытып кеткен болады. Енді бірі жүк сөмкелерін және т.б. заттарын жоғалтып келеді. Мұндайда Әйгерім желілік тәртіп сақшыларымен бірлесіп отырып, жолаушылардың мәселесін шешуге тырысады. Пойыз бастығына шығып, жолаушы отырған вагонды тексертеді, зат табылса, акт толтырылады. Жақында Виктория есімді жолаушы тарапынан Әйгерімге алғыс жазба келіпті. Ол 6 жасар ұлы жоғалтып алған рюкзакты Әйгерімнің көмегімен вокзал қызметкерлері мен полиция тауып бергенін айтып, рахметін жеткізген.

– Пойыздардың кешігуіне байланысты жолаушылар бізге келеді. Олардың отырғызу талонына пойыздың неше сағат кешіккенін белгі етіп жазып береміз, жолаушы оны алып кассаға барады. Пойыз

1 сағаттан артық кешіксе, билет құнының 3 пайызын біз белгілеп берген талон арқылы қайтарып алады. Жолаушылардан бөлек вокзалға, әсіресе түнгі ауысымда түрлі адамдар келуі мүмкін. Ішіп алып қоғамдық тәртіпті бұзатындар да кездеседі. Ондай кезде дереу полиция шақырамыз. Кейде отбасындағы кикілжіңге байланысты бала-шағасымен вокзалды паналайтын әйелдер де келеді. Мүгедектерге қызмет көрсету де біздің басты міндетіміздің бірі. Жұмыс барысында неше түрлі сұрақтармен келетін түрлі тағдыр иелерінің оқиғаларына да куә боламыз. Оларға да қолымыздан келгенше көмек береміз, – дейді Әйгерім.

Әйгерімнің еңбек өтілі – 9 жыл. Ал вокзалда 2017 жылдан бері жұмыс істейді. Жалпы Астана вокзалында кезекшілердің 4 ауысымы болса, соның біреуіне Әйгерім жетекші. Әр ауысымда 17-18 кезекшіден болады. Олар вокзалдың барлық жеріне бөлініп, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ



Маңғыстау темір жолында әлеуметтік салаға қатысты құзырлы өкілдер шалғай станцияларды аралап, теміржолшылардың жұмыс орындарында кездесулер өткізіп, олардың сұрақтары мен ұсыныстарын тыңдады.



Аталған басқосуларда Маңғыстау қосалқы бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов, қосалқы бөлім бастығының экономика жөніндегі орынбасары Рану Сарбулатова, кадр бөлімінің басшысы Екпін Қожахметов теміржолшылардың әлеуметтік хал-ахуалымен танысып, жаңалықтар мен өзгерістерден хабардар етті.

Алдымен Бейнеу станциясында басталған басқосу станцияның вагон пайдалану және локомотив айналым деполарының ұжымы қатысты. Сосын Сай-Өтес, Шетпе станциялары мен оларға жақын маңдағы бекеттердің теміржолшыларын жинады. Бейнеуден кейінгі бағыт Өзен-Болашақ темілінде жалғасты. Өзен, Болашақ, Бопай станциялары мен Ақбөбек, Бастау және осы теміздегі кішігірім бекет жұмысшыларының әлеуметтік мұқажаттары тыңдалды. Теміржолшылар ұжымдық шарттағы қосымша өзгерістер мен енгізіліп жатқан және алдағы уақытта жүзеге асырылатын жаңалықтармен танысты. Дәл осындай кездесулер Маңғыстау станциясында да ұйымдастырылып, ондағы екі депоның ұжымы мен басқа да жұмысшылар қатысты.

– Біздің бұл сапарымыздың мақсаты жұмысшыларды толғандырып отырған әлеуметтік мәселелер туралы біліп, олардың игілігі үшін жасалып жатқан өзгерістерді та-

ныстыру болды. Кейінгі кездерде еңбекқақы тарифінің көтеріліп жатқаны, алдағы наурызда тағы да 10 пайызға жоғарылайтыны, жұмыс көлемі дұрыс орындалған өндірістің жұмысшыларға сыйақы тарайындатыны, тағы басқа да ақпараттар жеткізілді. Мысалы, кәсіби жылы жаңа ұжымдық шарт жарық көреді, көп жұмысшылардың соған қатысты сұрақтары бар екен. Одан басқа бұрыннан көтеріліп жүрген мәселелер де қозғалып, кәсіби мерекедегі сыйақы мөлшерін, балалы болғанда берілетін біржолғы жәрдемақыны көтеру бойынша ұсыныстар айтылды. Медициналық қызмет бойынша «Медикер» қызметіне көңілі толмайтындар бірнеше кездесуде қайталады. Зейнет жасы туралы, жеке басының мәселелерін алға тартқандар да кездесті. Көбісі алдағы уақытта іске асырылғай отырған – шипажайды өздері таңдау мүмкіндігіне қызықты. Бұл да жұмыс берушінің теміржолшылар үшін қолға алып отырған жақсы жаңалықтарының бірі, енді бұрынғыдай белгілі бір шипажайларда ғана емес, әркім өзі қалаған жерінде демала алады. Оның белгілі бір мөлшерін өтеп беру қарастырылған, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

## МОЯ СУДЬБА – СТАЛЬНАЯ МАГИСТРАЛЬ



В Алматы поздравили с 85-летним юбилеем заслуженного ветерана стальной магистрали, Почетного железнодорожника, члена Консультативного совета АО «НК «ҚТЖ» Бейсена Шормакова.

Бейсен Есимович прошел славный путь от дежурного по парку, поездного диспетчера до заместителя директора департамента железных дорог Министерства транспорта и коммуникаций. Этот период характеризовался зарождением международных связей и контактов, открытием новых маршрутов по доставке грузов. Также он работал и начальником отдела главного управления перевозками РПТ «ҚТЖ».

– Диспетчерский талант дается не каждому, здесь требуются выдержка и дисциплина, незамедлительная реакция, сообразительность и твердая память. Одна из сложных профессий на железнодорожном транспорте, которой виртуозно и мастерски овладел Бейсен



Шормаков, представитель славной железнодорожной династии Шормаковых, – подчеркнул Почетный железнодорожник, член Консультативного совета АО «НК «ҚТЖ» Калтай Самбетов.

Как признался юбиляр, ему очень дорог период, когда в 1977 году его назначили первым заместителем начальника службы движения вновь организованной Целинной железной дороги, на долю которой приходилось две

третьих части перевозок грузов. Эта была самая мощная из трех созданных дорог Казахстана. Круглосуточно шел вывоз угля с Экибастузского и Карагандинского бассейнов, готовой промышленной продукции с павлодарского Прииртышья, осуществлялась подача порожнего подвижного состава под отгрузку зерна. Помимо оперативной работы, приходилось заниматься обучением специалистов, пере-

давать им свой опыт. Творческие способности Бейсен Есимович проявил, возглавив Центральный музей железнодорожного транспорта РК.

Его талант фотохудожника, оформителя и сценариста раскрылся в полном объеме. Также много лет Бейсен Шормаков возглавлял совет ветеранов отделения.

Поздравляя с юбилеем, директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов отметил его неоценимую роль в деятельности отделения.

– За годы добросовестной работы вы полностью оправдали свое предназначение и внесли огромный вклад в развитие дороги, безопасности движения поездов и сейчас продолжаете славные традиции ветеранского движения, передавая опыт молодому поколению, – сказал Нурым Жаниязов.

Много теплых слов было сказано в адрес юбиляра руководством отделения магистральной сети, ветеранами, профсоюзными работниками.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы Фото автора

## ГОРОД НАЧИНАЕТСЯ С ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

Во Дворце культуры «Железнодорожников» состоялся вечер-портрет «Город начинается с железной дороги», посвященный 89-й годовщине со дня присвоения Карагандинского статуса города.

Большой вклад в развитие города за эти годы внесли железнодорожники. На вечер приглашены студенты Карагандинского железнодорожного колледжа. Почетными гостями вечера стали железнодорожники трех поколений, в том числе Почетный железнодорожник, ветеран труда Виктор Погонин, председатель первичной организации профсоюза филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Галы Ермекаев, начальник опорного пункта технического обслуживания Карагандинского эксплуатационного вагонного депо, член общественного совета Караганды, местного самоуправления при городском акимате, член политсовета партии «Аманат» Айдос Ешанов.

Студенты познакомились с историей становления родного города, развитием железнодорожного транспорта, автобио-

графией каждого из гостей.

Завершился вечер-портрет посещением музея истории Карагандинского отделения Целинной железной дороги Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс».

– Ребята заинтересовались альбомом «50 лет линии Караганда – Балхаш, 1935-1985 гг.». В нем рассказывается об агитпоезде, которым руководил Виктор Погонин, на тот момент он работал начальником отдела кадров Карагандинского отделения дороги, – рассказала менеджер музея истории Карагандинского отделения Целинной железной дороги Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс» Татьяна Колузаева.

Воспоминания очень заинтересовали будущих железнодорожников, ведь Виктор Погонин знает специфику работы не одной службы железной дороги.

Светлана МОГАЙ, Караганда Фото автора

## ЖОЛШЫЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Өткен жылдың қорытындысын шығарған Қазалы жол дистанциясының ұжымы үздіктерді марапаттап, олардың озық тәжірибесін үлгі етті. Төрт телім бастығына былтырғы жетістігі үшін қаржылай сыйақы берілді.

Дистанция бастығы Аманкелді Қосановтың қолынан марапат алған үздіктер күнделікті ағымдық күтім жасау, түрлі деңгейдегі бақылау-тексерулердің нәтижесі, жол күтімінің бабын бақылайтын арнайы машиналар мен технологиялар жұмысының қорытынды талаптары негізінде анықталған. Сонымен дистанция үздіктерінің арасында жыл бойы жүргізілген жұмыстарында кемшілік көлемі мейлінше аз кездескен Бакберген Ерханов басқаратын 16-айналым жолшылары 1-орынды иеленсе, 2-орынды Сахи Қосанов басқаратын 7-айналым ұжымы, 3-орынды Нұрадин Құлмановтың 1-айналымы алып, сый-құрметке бөленді. Жалпы қазалылық жолшылардың бәрі де жақсы нәтиже көрсетіп, бекітілген межені ойдағыдай орындап шыққан. Сондықтан қосымша екі төртінші орын белгіленіп, ол Мұратбек Әбдірахмановтың 10-айналымы мен Тлек Димов басқаратын 14-айналым жолшыларына бұйырды. Бұдан бөлек белгіленген ынталандыру сыйлығы мен құрмет грамотасына 17,18,19-айналымдар мен көлік блогы лайық деп танылып, олар да сыйлықсыз қалмады.

– Дистанция жолшылары күнде бас қоса бермейді. Сондықтан бүгінгі жиынды пайдаланып, кәсіподақ ұйымының атқарған жұмысының есебін беру және зейнет жасына келген жолшыларды шығарып



салу рәсімін де өткізуді жоспарлады. Осы дистанцияның дамуына бірнеше ондаған жылдары сарп еткен әріптестеріміздің иығына шапан жауып, зейнет демалысына шығарып салдық, – деді дистанцияның кәсіподақ ұйымының төрағасы Дастан Әбішев.

Зейнет жасына жетіп отырған жолшылар Жеңісхан Бейсембин, Ғалымжан Ақсақалов пен Абдулла Жұмағазиевке дистанция бастылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан естелік сыйлықтар табыс етіліп, құрмет көрсетілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қазалы Суретті түсірген автор

## К ПРОБЛЕМЕ – ПРИСТАЛЬНОЕ ВНИМАНИЕ



Полезная встреча на тему «Безопасность на железной дороге» для работников станции Белес со старшекласниками средней общеобразовательной школы сельского округа Белес Зеленовского района ЗКО прошла в коворкинг-центре.

Профилактическая работа на тему безопасности проводится постоянно. Это беседы с населением, плановые и внеплановые рейды, но больше всего внимания, конечно, уделяется подрастающему поколению.

Настоящую головную боль для железнодорожников представляют безнадзорно пасущийся домашний скот, а также легкомысленное отношение проживающих вблизи железнодорожных путей сельчан.

С лекцией о правилах перехода железнодорожных путей перед учащимися 9-10-х классов Белесовской средней школы выступили начальник станции Белес Ерлан Кужумов, а также выпускники этой школы, ныне – дежурный по станции Белес Молдир Амангельды и осмотрщик-ремонтник вагонов Уральского эксплуатационного вагонного депо Нуртлек Сағынғали.

Они напомнили детям, как и в каких местах можно переходить железнодорожные пути, почему нельзя пролезать под вагонами, делать селфи на рельсах, пересекать пути в наушниках и так далее, доходчиво проиллюстрировав эти требования на примерах из жизни, основанных на реальных событиях.

– Наверное, в человеческой природе игнорировать правила, полагаться на авось. Однако следует помнить, что правила безопасности не от скуки придуманы, они написаны кровью пострадавших в несчастных случаях, – рассуждает Ерлан Кужумов. – Мы составили план мероприятий на год и продолжим профилактическую работу с населением.

Подроскам раздали памятки с правилами поведения на железной дороге с просьбой передать их родителям и поделиться знаниями со всеми друзьями и родственниками. Кроме того, была проведена и профориентационная беседа. Молодые специалисты рассказали о железнодорожных профессиях, и в каких учебных заведениях республики их можно получить, а также о кадровой и социальной политике компании. Эта информация особенно заинтересовала школьников.

Анна МАРЬИНА, Уральск Фото автора

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
Р. Рахметов, С. Бакесова

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күші берілді.